

Бекітемін
Рудный қаласы білім бөлімінің
«№ 15 балабақшасы» КМҚК
менгерушісі:



Ж.С.Кузембаева
12.08.25 ж.

Рудный қаласы білім бөлімінің «№ 15 балабақшасы» КМҚК 2024-2025 жылдардың қорытындысы бойынша мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі қызметінің есебі.

1. Жалпы ережелер

1.1. *Көрсетілетін қызметті беруші туралы мәліметтер:*

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне сәйкес (*Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 39/НҚ бұйрығы*) Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Рудный қаласы білім бөлімінің «№15 балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны мемлекеттік қызметтердің 1 түрін көрсетеді.

2024 жыл – 97 көрсетілген мемлекеттік қызметтер саны, ал 2025 жылы 127 құрады.

Рудный қаласы білім бөлімінің «№ 15 балабақшасы» КМҚК 1 қызмет көрсетеді:

«INDIGO» АЖ электрондық жүйесі және электрондық үкіметтің веб-порталы арқылы тегін негізде «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» мемлекеттік қызметі.

Рудный қаласы білім бөлімінің «№ 15 балабақшасы» КМҚК өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары құрылды, онда ата-аналар мемлекеттік қызметті алуға өз бетінше өтініш бере алады.

2. Өткізілетін іс-шаралар

2.1. *Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратқа қол жеткізу көздері мен орындары туралы мәліметтер:*

Білім бөлімінде көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі туралы ақпарат балабақшаның <https://balabaksha15.edu.kz/kz/> ресми сайтында орналастырылған.

Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге енгізілетін өзгерістерге қарай бұл бөлім сайтта нақышталады. Сондай-ақ, ақпарат балабақшаның 2-қабатының фойесінде орналастырылған.

2.2. Мемлекеттік қызметтер көрсету процесінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар (түсіндіру жұмыстары, семинарлар, кездесулер, сұхбаттар және басқалар):

Құқық бұзушылыққа әкеп соқтыратын фактілерді немесе іс-әрекеттерді анықтау үшін жағдай жасау мақсатында балабақшада «Сенім телефоны» 9-01-79 ұйымдастырылып, жұмыс істейді, ол бойынша азаматтардың осындай фактілер туралы хабарлауға мүмкіндігі бар. Сондай-ақ, балабақшада бейнебақылау камералары жұмыс істейді. Меңгерушінің жеке қабылдауларын өткізу арқылы халықпен кері байланыс жүйесі жолға қойылған.

2.1. Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыруға бағытталған іс-шаралар:

Балабақшаның педагогтарымен тұрақты негізде меңгерушінің жанындағы кеңестерде көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

2.2. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау:

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында 2024 – 2025 ж.ж. білім бөлімінің бас мамандары Ю.А.Неделько және Ю.А.Каика Мемлекеттік қызмет көрсету сапасы мәселесі бойынша бақылау іс-шараларын өткізді.